

Баланың құқықтарын қорғау
жөніндегі функцияларды жүзеге
асыратын ұйымдардың
тауарлары мен көрсетілетін
қызметтерін жеткізушіні таңдау
жөніндегі үлгілік конкурстық
құжаттамаға 4-қосымша

**Балалардың құқықтарын қорғау функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың
қызметтерін жеткізушіні таңдау бойынша қайталанған конкурстық құжаттамаға
техникалық тапсырма:**

ШҚО ББ «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы» КММ

«Сұйытылған көмірсутек газымен (СҚГ) газбен жабдықтау жүйесі мен жылу трассасына, сондай-ақ автономды қазандықты монтаждау, қосу, сынау және іске қосу-баптау жұмыстарына қызмет көрсету»

1. Қызметті алудың нақты мақсатын айқындау

Қызмет көрсетудің мақсаты – бұрын жеткізілген автономды қазандық жабдығына, сұйытылған көмірсутек газымен (СҚГ) газбен жабдықтау жүйесіне, үш жерасты газгольдеріне және жылу трассасына монтаждау, құрылыс, дәнекерлеу, газ монтаждау, электр монтаждау, сынау және іске қосу-баптау жұмыстарының толық кешенін орындау.

Қызмет көрсету нәтижесінде объектінің қауіпсіз әрі сенімді пайдалануға дайын болуын қамтамасыз ету қажет, оның ішінде:

СҚГ сақтау және беру жүйесі;
көлемі кемінде 9,6 м³ болатын үш жерасты газгольдері;
СҚГ буландыру жүйесі;
сыртқы және ішкі газ құбыры;
жалпы жылу қуаты 466 кВт автономды қазандық;
әрқайсысының қуаты 233 кВт болатын екі газды су жылыту қазандығы;
газ жанарғылары;
автоматты басқару және қауіпсіздік жүйесі;
газдануды сигнализациялау жүйесі;
жылыту жүйесі;
жылу желісі;
сортқы жабдықтары.

Қызмет көрсетудің түпкілікті нәтижесі – толық монтаждalған, сынақтан өткізілген, реттелген және жұмысқа қабілетті, қауіпсіз пайдалануға дайын жылумен жабдықтау жүйесі болуы тиіс.

2. Қызмет құрамына кіретін іс-шаралардың тізбесі, олардың көлемі мен мерзімдері

2.1. Жер жұмыстары

Орындаушы:

Үш жерасты газгольдерін орнатуға арналған қазаншұңқырды әзірлеуге.
Газ құбыры мен жылу трассасына арналған траншеяларды әзірлеуге.
Жобалық шешімдерге сәйкес газгольдерлерге арналған темірбетон бұйымдарынан (ЖББ) плиталардан немесе құм-қиыршықтас негізінен іргетас жасауға.
Құм және қиыршықтас төсемін жасауға.
Монтаждау жұмыстары мен сынақтар жүргізілгеннен кейін кері толтыруды орындауға.

Топырақты қабаттап нығыздауға.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін аумақты қалпына келтіруге міндетті.

2.2. Үш жерасты газгольдерін монтаждау

Орындаушы бұрын жеткізілген үш жерасты газгольдерін монтаждайды:

саны – 3 дана;

әрқайсысының көлемі – кемінде 9,6 м³;

жалпы көлемі – кемінде 28,8 м³;

жұмыс ортасы – СҚГ, пропан-бутан;

орындалуы – жерасты;

материалы – жоғары берік болат;

зауыттық коррозияға қарсы жабын.

Жұмыстар құрамына:

Үш резервуарды жобалық жағдайға орнату.

Резервуарларды бекіту.

Резервуарларды жерге тұйықтау.

Резервуарлардың байламасын монтаждау.

Толтыру құбырын қосу.

Мультиклапандарды қосу.

Сұйық фазаны алу желісін қосу.

Сақтандыру клапандарын қосу.

Деңгей өлшегіштерді қосу.

Қажетті жабу және реттеу арматурасын монтаждау.

Қосылыстардың герметикалығын тексеру.

Қажетті сынақтарды жүргізу кіреді.

2.3. СҚГ буландыру және беру жүйесін монтаждау

Орындаушы:

Өнімділігі 50 кг/сағ шкафтық орындаудағы СҚГ буландырғышын – 1 дана монтаждауға.

Өнімділігі 35–50 кг/сағ қысым реттегішін – 1 дана монтаждауға.

Көлемі 25 л конденсат жинағышты – 1 дана монтаждауға.

Газгольдерлерді буландырғышқа қосуға.

Құбыржолдарды монтаждауға.

Жабу және реттеу арматурасын монтаждауға.

Герметикалығын тексеруге.

Сынақтар жүргізуге міндетті.

2.4. Сыртқы газдандыру

Орындаушы:

Полиэтилен газ құбырын Ду 63 – 30 м төсеуге.

Ду 63 ПЭ газ құбырының жинақтаушы бөлшектерін монтаждауға.

Ду 20 жылытылған цокольдік енгізуді монтаждауға.

Газ құбырын ғимаратқа енгізуді орындауға.

Ду 20 кранын орнатуға.

Қажетті қосылыстарды орындауға.

Герметикалығын тексеруге.

Газ құбырына қысыммен сынақ жүргізуге міндетті.

2.5. Ішкі газ құбыры және қазандық жабдығын монтаждау

Орындаушы:

Ду 20 ішкі газ құбырын – 15 м монтаждауға.

Әрқайсысының қуаты 233 кВт болатын ВВ 2035 маркалы екі газды су жылыту қазандығын – 2 дана орнатуға.

Газ жанарғыларын – 2 дана монтаждауға.

Қазандарды газбен жабдықтау жүйесіне қосуға.

Ø200/260 мм түтін мұржаларын – 2 дана монтаждауға.

Ду 20 электромагниттік клапаны бар газ сигнализаторын – 1 жинақ монтаждауға.

500 мбар дейінгі төмен қысымды манометрді – 1 дана монтаждауға.

500 Вт кернеу тұрақтандырғыштарын – 2 дана монтаждауға.

Автоматты басқару жүйесін қосуға.

Қауіпсіздік автоматикасын қосуға.

Желдету жүйесін тексеруге.

Жерге тұйықтау жүйесін тексеруге.

Жарықтандыру жүйесін тексеруге.

Өрт сигнализациясын тексеруге міндетті.

2.6. Жылу трассасын монтаждау

Орындаушы:

ППУ D76 құбырларын – 972 м төсеуге.

ППУ D32 құбырларын – 180 м төсеуге.

D76 компенсаторын – 1 дана орнатуға.

D32 Баламаксын – 1 дана орнатуға.

Газ қазандығының жылыту жүйесіне қосылуды орындауға.

Сорғыларды – 2 дана орнатуға.

Құдықтарды – 13 дана орнатуға.

Құдық қақпақтарын – 13 дана орнатуға.

Люктерді – 13 дана орнатуға.

Дәнекерлеу және монтаждау қосылыстарын орындауға.

Жылу трассасы жүйесіне қысыммен сынақ жүргізуге.

Герметикалығын тексеруге.

Анықталған кемшіліктерді жоюға.

Қазандық ғимаратының бейнебақылау жүйесін – 1 дана орнатуға.

Желдету жүйесін – 1 дана орнатуға міндетті.

2.7. Іске қосу-баптау жұмыстары

Орындаушы:

Газ қазандарына іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізуге.

Газ жанарғыларына іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізуге.

Басқару автоматикасын реттеуге.

Қауіпсіздік автоматикасын реттеуге.

Авариялық ажыратуды тексеруге.

Газдану сигнализаторын тексеруге.

Электромагниттік клапанды тексеруге.

Қысым және температураны бақылау аспаптарын тексеруге.

Сорғылардың жұмысын тексеруге.

Жылыту жүйесін тексеруге.

Желдетуді тексеруге.

Жерге тұйықтауды тексеруге.

Қазандықты бақылау мақсатында іске қосуға.
Жабдықтың жұмыс параметрлерін реттеуге.
Анықталған кемшіліктерді жоюға.
Қайта бақылау мақсатында іске қосуға міндетті.

Қызметтердің барлық кешенін көрсету мерзімі – 45 жұмыс күніне дейін.

3. Мамандардың қажетті біліктілік деңгейін айқындау

Қызмет көрсету үшін Орындаушы тиісті білімі, кәсіби даярлығы, жұмыс тәжірибесі және тиісті жұмыс түрлерін орындауға қажетті рұқсаттары бар білікті персоналдың болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мамандардың ең аз құрамы:

№	Маман атауы	Саны
1	Слесарь	2 адам
2	Дәнекерлеуші	2 адам
3	КИПиА инженері	1 адам
4	Жүргізуші	1 адам
5	Әртүрлі жұмыстарды атқаратын жұмысшылар	4 адам

Дәнекерлеушілердің құбыржолдарда дәнекерлеу жұмыстарын орындауға тиісті біліктілігі болуы тиіс.

КИПиА маманы қазандықтың бақылау аспаптарын, басқару автоматикасын және қауіпсіздік автоматикасын монтаждауға, реттеуге және іске қосу-баптау жұмыстарына мүмкіндік беретін біліктілікке ие болуы тиіс.

Газ жабдығымен және СҚГ-мен байланысты жұмыстарды орындайтын қызметкерлердің қолданыстағы талаптарға сәйкес қажетті рұқсаттары мен даярлығы болуы тиіс.

Қажет болған жағдайда Орындаушы қосымша білікті персоналды тартуды өз бетінше қамтамасыз етеді.

4. Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы есептілік тәртібі

Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кезең бойынша және қызметтердің барлық кешені аяқталғаннан кейін орындалған жұмыстар туралы есептілікті ұсынуға міндетті.

Есептілік жұмыстардың нақты орындалуын және нәтижелердің осы техникалық тапсырманың талаптарына сәйкестігін растауы тиіс.

Жекелеген кезеңдер аяқталғаннан кейін Орындаушы:

орындалған жұмыстар актілерін;
жасырын жұмыстарды куәландыру актілерін;
сынақ актілерін;
қысыммен сынау хаттамаларын;
дәнекерлеу жұмыстары бойынша құжаттарды;
атқарушылық сызбаларды;
іске қосу-баптау жұмыстары бойынша құжаттарды ұсынады.

Қызметтердің толық кешені аяқталғаннан кейін Орындаушы атқарушылық құжаттаманың қорытынды жинағын және қабылдау-тапсырудың қорытынды актісін ұсынады.

5. Көрсетілетін қызметтің атауы және пайдалану мақсаттары

Қызметтің атауы:

«Автономды қазандықты, СКГ газбен жабдықтау жүйесін, үш жерасты газгольдерін және жылу трассасын монтаждау, қосу, сынау және іске қосу-баптау бойынша қызмет көрсету».

Қызметтерді пайдалану мақсаты:

Жалпы жылу қуаты 466 кВт автономды қазандықтың және балалар ауылының жылумен жабдықтау жүйесінің қауіпсіз әрі сенімді пайдалануға дайын болуын қамтамасыз ету.

Қызметке бұрын жеткізілген жабдықты монтаждау, қажетті желілер мен коммуникацияларды орнату, сынау, қысыммен сынау, іске қосу-баптау және дайын жүйені Тапсырыс берушіге тапсыру кіреді.

6. Қызметтердің тізбесі және олардың көлемі

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Көлемі
1	Көлемі кемінде $V=9,6 \text{ м}^3$ жерасты газгольдерін монтаждау	дана	3
2	Газгольдерлерге арналған қазаншұңқырды әзірлеу	кешен	1
3	Газгольдерлердің байламасын монтаждау	кешен	1
4	Газгольдерлерді жерге тұйықтау	кешен	1
5	50 кг/сағ буландырғышты монтаждау	дана	1
6	35–50 кг/сағ қысым реттегішін монтаждау	дана	1
7	25 л конденсат жинағышты монтаждау	дана	1
8	Ду 63 ПЭ газ құбыры	м	30
9	Ду 20 ішкі газ құбыры	м	15
10	Ду 20 цокольдік енгізу	жинақ	1
11	233 кВт газ қазандары	дана	2
12	Газ жанарғылары	дана	2
13	Ø200/260 мм түтін мұржасы	дана	2
14	Клапаны бар газ сигнализаторы	жинақ	1
15	Төмен қысымды манометр	дана	1
16	500 Вт кернеу тұрақтандырғышы	дана	2
17	ППУ D76 құбыры	м	972
18	ППУ D32 құбыры	м	180
19	D76 компенсаторы	дана	1
20	D32 Баламакс	дана	1
21	Сорғы	дана	2
22	Құдық	дана	13
23	Құдық қақпағы	дана	13
24	Люк	дана	13
25	Газ құбырына қысыммен сынақ жүргізу	кешен	1
26	Жылу трассасына қысыммен сынақ жүргізу	кешен	1
27	Қазандар мен жанарғыларды іске қосу-баптау жұмыстары	кешен	1
28	Қауіпсіздік автоматикасын реттеу	кешен	1
29	Бақылау мақсатында іске қосу	кешен	1
30	Тапсырыс берушінің персоналын оқыту	кешен	4 адам
31	Автономды қазандыққа қызмет көрсету	қызмет	12 ай

7. Көрсетілетін қызметтердің түрлері

Қызмет құрамына біртекті және өзара байланысты келесі жұмыс түрлері кіреді:

Жер жұмыстары.

СКГ резервуарларын монтаждау.

Газ монтаждау жұмыстары.

Сыртқы газ құбырын монтаждау.

Ішкі газ құбырын монтаждау.

Автономды қазандық жабдығын монтаждау.

Электр монтаждау жұмыстары.

КИПиА және автоматика жүйелерін монтаждау.

Түтін мұржаларын монтаждау.

Жылу желісін монтаждау.

Дәнекерлеу жұмыстары.

Сынау және қысыммен сынау.

Іске қосу-баптау жұмыстары.

Бақылау мақсатында іске қосу.

Персоналды оқыту.

Атқарушылық құжаттаманы ресімдеу.

Қызмет көрсету кезінде Жеткізуші Тапсырыс берушінің мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қолданыстағы конструкциялардың нашарлауына немесе бүлінуіне, үй-жайлар мен аумақтардың ластануына жол бермеуге тиіс. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Орындаушы ШҚ «ШҚО ББ Отбасылық үлгідегі балалар ауылы» аумағын тазалап, қоқысты шығаруды қамтамасыз етуге міндетті.

8. Қызмет көрсету орны

Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ахмирова ауылы, Баянсұлу көшесі, 2.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, Орындаушы жұмыстарды орындауға қажетті персоналды, құралдарды, техниканы және материалдарды жеткізуді өз бетінше ұйымдастыруға міндетті.

Шарттық міндеттемелерді орындау барысында Орындаушы өз қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірі үшін жауап береді.

Орындаушы Шарт шеңберінде жұмыстарды орындайтын өз қызметкерлерінің әрекеттері үшін Тапсырыс беруші алдында жауап береді.

Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағында өндірістік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

Жеткізушінің еңбек ресурстары тарапынан қауіпсіздік техникасы қағидаларын бұзу, Тапсырыс берушінің аумағында алкогольдік ішімдіктерді және есірткі заттарын пайдалану, қоғамдық тәртіпті бұзу фактілері анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші кінәлі адамдарды жұмыстан шеттетуге және Жеткізушіден оларды ауыстыруды талап етуге құқылы.

9. Қызметтерді орындау шарттары

Орындаушы міндеттемелерді толық орындауға қажетті материалдық, қаржылық, еңбек және техникалық ресурстарға ие болуы тиіс.

Жұмыстарды орындау үшін Орындаушы мына техниканың болуын қамтамасыз етуге тиіс:

трактор-экскаватор – 1 дана;
манипулятор – 1 дана.

Орындаушы сондай-ақ:

дәнекерлеу жабдығын;
өлшеу аспаптарын;
монтаждау құралдарын;
жеке қорғаныс құралдарын;
қажетті шығыс және қосалқы материалдарды;
жүк көтергіш құралдарды;
қызметтерді сапалы орындауға қажетті өзге де жабдықтарды қамтамасыз етеді.

Орындаушы белгіленген мерзімде барлық:

жер жұмыстарын;
монтаждау жұмыстарын;
дәнекерлеу жұмыстарын;
газ монтаждау жұмыстарын;
электр монтаждау жұмыстарын;
жылу трассасын монтаждау жұмыстарын;
сынақтарды;
қысыммен сынауды;
іске қосу-баптау жұмыстарын;
бақылау іске қосуларын;
персоналды оқытуды;
атқарушылық құжаттаманы ресімдеуді аяқтауы тиіс.

Қызмет көрсету жұмыстарының басталуы – шартта айқындалған күннен бастап.

11. Ілеспе жұмыстарды орындау және материалдарды пайдалану шарттары

Орындаушы түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті барлық ілеспе жұмыстарды орындауға міндетті.

Ілеспе жұмыстарға:

жер жұмыстары;
негіздерді орнату;
кері толтыру;
құбыржолдарды дәнекерлеу және қосу;
жабдықтарды бекіту;
жерге тұйықтау;
арматураны монтаждау;
бекіту элементтерін монтаждау;
аумақты қалпына келтіру;
сынау және қысыммен сынау жатады.

Негізгі жабдық, оның ішінде газгольдерлер, қазандар және өзге де жабдықтар Тапсырыс берушіге бұрын жеткізілген жабдықтар катарынан ұсынылады.

Егер Тапсырыс беруші бермеген болса, монтаждау жұмыстарын тікелей орындауға қажетті ілеспе шығыс материалдары мен материалдарды Орындаушы қамтамасыз етеді.

12. Қызмет көрсетуге және олардың сапасына қойылатын жалпы талаптар

Жұмыстар:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына;
қолданылатын техникалық регламенттерге;
газбен жабдықтау саласындағы нормативтік құжаттарға;
өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына;
өрт қауіпсіздігі талаптарына;
еңбекті қорғау талаптарына;
электр қауіпсіздігі талаптарына;
жобалық және жұмыс құжаттамасына;
жабдық өндірушілерінің техникалық құжаттамасына сәйкес орындалуы тиіс.

Қызметтерді орындау кезінде Орындаушы жер, дәнекерлеу, монтаждау, газ монтаждау, электр монтаждау, сынау және іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу технологиясын сақтауға міндетті.

Барлық монтаждау қосылыстары сапалы орындалуы тиіс.

Монтаждау аяқталғаннан кейін қажетті сынақтар, қысыммен сынау және герметикалығын тексеру жүргізілуі тиіс.

13. Қызметтерді көрсету кезіндегі қауіпсіздік шарттары

Орындаушы жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз етуге жауап береді.

Қызметтерді орындау кезінде:

өнеркәсіптік қауіпсіздік;
газ қауіпсіздігі;
өрт қауіпсіздігі;
электр қауіпсіздігі;
еңбекті қорғау;
жер жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік;
дәнекерлеу жұмыстарын орындау кезіндегі қауіпсіздік;
газгольдерлерді қауіпсіз тасымалдау және орнату;
СҚГ ағып кетуіне жол бермеу;
сынақтар мен іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қамтамасыз етілуі тиіс.

Газ жабдығымен және СҚГ-мен жұмыс тек тиісті рұқсаттары бар білікті мамандармен орындалуы тиіс.

Бақылау мақсатында іске қосуды жүргізгенге дейін қажетті сынақтар мен тексерулер аяқталуы тиіс.

Орындаушы жұмысшыларды жеке қорғаныс құралдарымен және қажетті қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етуге міндетті.

14. Қызмет нәтижелерін тапсыру және қабылдау тәртібі

Қабылдау кезең-кезеңімен және қызметтердің толық кешені аяқталғаннан кейін тұтастай жүзеге асырылады.

1-кезең. Жер жұмыстары және газгольдерлерді орнату

Қабылданады:

қазаншұңқыр;
негіз;
орнатылған 3 газгольдер;
бекіту;
жерге тұйықтау;
байлама.

Тиісті актілер ресімделеді.

2-кезең. Газбен жабдықтау жүйесін монтаждау

Қабылданады:

буландырғыш;
қысым реттегіш;
газ құбырлары;
арматура;
ішкі және сыртқы газ құбырлары.

Қысыммен сынау және герметикалығын тексеру жүргізіледі.

3-кезең. Автономды қазандықты монтаждау

Қабылданады:

2 қазан;
2 жанарғы;
түтін мұржалары;
автоматика;
газдануды сигнализациялау жүйесі;
қауіпсіздік жүйелері;
сорғы және қосалқы жабдықтар.

4-кезең. Жылу трассасын монтаждау

Қабылданады:

ППУ D76 – 972 м;
ППУ D32 – 180 м;
13 құдық;
13 қақпақ;
13 люк;
сорғылар;
компенсатор;
Баламакс;
бейнекамера;

желдету жүйесі.

Жылу трассасы жүйесіне қысыммен сынау жүргізіледі.

5-кезең. Іске қосу-баптау

Жүргізіледі:

қазандарды іске қосу-баптау;
жанарғыларды іске қосу-баптау;
автоматика жүйесін реттеу;
қауіпсіздік жүйесін реттеу;
бақылау мақсатында іске қосу;
жұмыс параметрлерін тексеру.

Қорытынды қабылдау

Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге атқарушылық құжаттаманың толық жинағын және пайдалануға дайын объектіні тапсырады.

Қорытынды қабылдау барлық анықталған ескертулер жойылғаннан және тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін жүргізіледі.

15. Техникалық құжаттарды беру шарттары

Қызметтер аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге:

орындалған жұмыстар актілерін;
жасырын жұмыстар актілерін;
атқарушылық сызбаларды;
сынақ актілері мен хаттамаларын;
газ құбырларын қысыммен сынау хаттамаларын;
жылу трассасын қысыммен сынау хаттамасын;
іске қосу-баптау жұмыстары бойынша құжаттарды;
автоматика жүйесін реттеу хаттамаларын;
қауіпсіздік жүйелерін тексеру құжаттарын;
жерге тұйықтауды тексеру құжаттарын;
орындалған дәнекерлеу жұмыстары бойынша құжаттарды;
пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды;
жобада және нормативтік талаптарда көзделген өзге де атқарушылық құжаттаманы беруге міндетті.

16. Тапсырыс берушінің персоналын техникалық оқыту

Іске қосу-баптау жұмыстары аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушінің персоналына техникалық оқыту (нұсқама) жүргізуге міндетті.

Оқыту мыналарды қамтуы тиіс:

Газ қазандарын пайдалану тәртібі.
Газ жанарғыларын пайдалану тәртібі.
СҚГ газбен жабдықтау жүйесін пайдалану тәртібі.
Газгольдерлерді пайдалану тәртібі.
Автоматика жұмысының тәртібі.

Авариялық ажырату кезіндегі іс-қимылдар.
Газдану сигнализаторы іске қосылған кездегі іс-қимылдар.
Қазандықты қауіпсіз тоқтату тәртібі.
Сорғы жабдықтарын пайдалану тәртібі.
Жылыту жүйесін пайдалану тәртібі.

Оқытудың жүргізілгені актімен немесе өзге құжатпен расталады.

17. Қызмет сапасына кепілдік көлеміне қойылатын талаптар

Орындаушы өзі орындаған монтаждау, дәнекерлеу, сынау және іске қосу-баптау жұмыстарының сапасына кепілдік береді.

Кепілдік мерзімі ішінде Орындаушы өз қызметтерін тиісті деңгейде орындамауы салдарынан туындаған кемшіліктерді өз қаражаты есебінен жоюға міндетті.

Кепілдік бойынша кемшілік анықталған жағдайда Орындаушы:

ақаудың себебін анықтау үшін келуге;
кемшіліктің туындау себебін анықтауға;
кемшілікті жоюға;
қажетті қайталама сынақтарды жүргізуге;
жүйенің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге міндетті.

Бұрын жеткізілген жабдыққа берілетін кепілдік жабдықты жеткізуші мен өндірушінің кепілдік міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

18. Сапаға кепілдік беру мерзімі

Орындаушы көрсеткен қызметтердің нәтижелеріне кепілдік мерзімі көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсырудың қорытынды актісіне қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай болып белгіленеді.

Кепілдік мерзімі ішінде Орындаушы өзі орындаған жұмыстардың кемшіліктері үшін жауап береді.

Тапсырыс берушіге бұрын жеткізілген жабдықтың кепілдік мерзімі тиісті жеткізушінің/өндірушінің кепілдік міндеттемелерімен айқындалады және осы техникалық тапсырмамен өзгертілмейді.

19. Қызмет көрсетудің түпкілікті нәтижесі

Қызмет көрсетудің түпкілікті нәтижесі – толық монтаждalған, сынақтан өткізілген, реттелген және жұмысқа қабілетті автономды жылумен жабдықтау жүйесі. Оның құрамына:

көлемі 9,6 м³ болатын 3 жерасты газгольдері;
СҚГ сақтау және беру жүйесі;
50 кг/сағ буландырғыш;
35–50 кг/сағ қысым реттегіш;
Ду 63 сыртқы газ құбыры – 30 м;
Ду 20 ішкі газ құбыры – 15 м;
қуаты 233 кВт болатын 2 газ қазандығы;
2 газ жанарғысы;

автоматика және қауіпсіздік жүйесі;
түтін мұржалары;
ППУ D76 жылу трассасы – 972 м;
ППУ D32 жылу трассасы – 180 м;
2 сорғы;
13 құдық;
13 қақпақ;
13 люк;
қажетті қосу, реттеу және қауіпсіздік элементтері кіреді.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін жүйе қажетті сынақтардан, қысыммен сынаудан, іске қосу-баптаудан және бақылау мақсатында іске қосудан өтуі тиіс.

Орындау мерзімі – 45 жұмыс күніне дейін.

Қызмет көрсету орны – Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ахмирова ауылы, Баянсұлу көшесі, 2.

Көрсетілген қызметтерге кепілдік – 24 ай.

28.08.2026 год

күні

ШҚО білім басқармасының "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы"

КММ директоры

Каниева Мендигуль Мубараковна

Ұйым басшысының қолы _____ М. О. (бар болса)

(тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын көрсету)

